

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ
ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ
БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР КІТАПХАНАСЫ» КММ**

**Ұлттық әдебиет және
өлкетану орталығы**

**«Қиялдан туған ертегілер»
(театр. қойылым, балабақша,
мектепке даярлық тобы)**

Өскемен, 2016 ж.

Қатысушылар:

Көбелек

Қоңыз

Қызыл Телпек

Мейірімді қыз

Мақсаты: Балаларға ертегі арқылы эстетикалық тәрбие беріп, шығармашылық қабілеттерін арттыру, ой-қиялын дамыту, елестету арқылы артикуляциялық гимнастиканы және қол маторикасының қимыл әрекеттерін дамыту. Балаларды мейірімділікке, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Сонымен қатар достыққа, ұйымшылдыққа, жақсы көңіл-күйді сезе білуге баулу.

Зал мерекеге сай бейнеленген. Айнала толы гүл. Ортаға әдемі әуен ырғағымен Мейірімді қыз шығады.

Мейірімді қыз: Сәлеметсіңдер ме, балалар?

Балалар: Сәлеметсіз бе?

Мейірімді қыз: Айнала қандай тамаша! Қане, бәріміз осы кезеңді қимылмен көрсетейікші.

Жарқырайды көкте күн (қолдарын жоғары көтеріп дөңгелек жасайды)

Самал соқты тербеліп (қолдарын оңға, солға ырғатады)

Гүлге толды бөктерім (орындарында оңға айналады)

Құлпырып тұр жер керім! (орындарында солға айналады)

Сергіту жаттығуы екі-үш рет қайталанады.

Кенет жылаған дауыс естіледі.

Мейірімді қыз: Ой, достар, тыңдаңдаршы. Жылап жатқан дыбыс естілетін сияқты. *(гүлді байқап)* Дауыс мына гүлдің ішінен шығып жатқан сияқты ма, қалай өзі?

Гүлдің жапырақтары ашылып, ішінен жылаған көбелек шығады.

Мейірімді қыз: Көбелек, неге жылап тұрсың, сені кім ренжітті?

Көбелек: Мұнда сендер келмей тұрып, қатты жел соғып, менің қонатын әдемі гүлдерімді құлатып тастады. Енді мен кімдермен ойнаймын? Өзім тоңып мына гүлдің жапырақтарына тығылып қалдым.

Мейірімді қыз: Ой, қиын болған екен. Сен бірақ жылама, мына кішкентай балалар да сен сияқты гүлдерді жақсы көреді. Қазір сенің ғажайып бағыңды гүлдендіріп, саған көмектеседі. Балалар, алдымен мына көбелектің тоңазығанын басып, сергітіп алайық. Қане, Көбелек сен де бізбен бірге қайтала. Ал біз сен сияқты ұшамыз.

Ақ көбелек, көк көбелек,

Қанат қақты көп көбелек.

Алдымен екі қолдарын кезек, сосын бірге қанат жайып ұшады, қонады.

Осы кезде Қоңыз бен Қызыл Телпек кіреді. Қызыл Телпек Қоңызды ұстай алмай қуалап жүреді. Бір уақытта Қоңыз жығылып қалады.

Қызыл Телпек: Ха, ха, жығылып қалды, жығылып қалды. Аяғы ауырып қалды. Енді жүгіре алмайсың!

Қоңыз: *(Қызыл Телпекке қарап)* Мен саған әжеңнің үйіне қарай жол көрсетіп, көмектесейін десем, сен керісінше мені қуалайсың.

Мейірімді қыз: Қызыл Телпек, мұның не? Қайта Қоңызға көмектессеңші. Мына біз де Көбелекке көмектескелі жатырмыз.

Қоңыз: *(Көбелекке қарап таңданып)* Қандай жіңішке аяқтар, және ол екеу ақ екен. Мұрттары мүлдем жоқ екен. Ой, түк те әдемі емес мүлдем. Онымен дос болмаймын.

Көбелек: Әне, мені гүлдерімнен басқа ешкім жақсы көрмейді. Гүлдерімді, достарымды сағындым.

Мейірімді қыз: Қамықпа, Көбелек. Балалар, жана біз Көбелектің гүл бақшасын әдемілеп береміз деп едік қой. Қане, Қызыл Телпек, Қоңыз, сендер де бізге көмектесіңдер.

Балалар гүл дестелерінен айналаға гүл жасайды.

Қызыл Телпек: Қандай әдемі гүлдер! Балалар, мына өздерің жасаған гүлдердің суретін қолымызбен салып көрейікші. Менімен бірге жасаңдар.

Ортасында түймедағы.

Шетінде көп дестелері.

Сабағы мен жапырағы,

Айналаны кестеледі.

Балалар қолдарымен ауаға гүлдің суретін салады. Қимыл екі-үш рет қайталанады.

Қоңыз: Расында да әдемі екен. Айналаға шашылған жұпар иістері қандай керемет! Сезіп тұрсыңдар ма? Мен сезіп тұрмын. Қане бәрің иіскеп көріңдерші.

Гүлдер ашылады,

Жұпары шашылады.

Балалар қолдарымен ауаға гүлдің ашылып-жабылғанын, иіскеген қимыл көрсетеді. Қимыл екі-үш рет қайталанады.

Қоңыз: Сендердің мына әдемі бақтарыңды көріп билегім келіп кетті.

Барлығы Қоңызбен бірге билейді.

Мейірімді қыз: Міне, балалар, Қызыл Телпек пен Қоңыз да көңілденіп қалды.

Көбелек: Рахмет сендерге, балалар. Сендер маған ғажайып бақшаны әсемдеп, достарымды қайтардыңдар. Гүлдерімді, достарымды көріп қуанып тұрмын. Сендерге алғысым шексіз!

Көбелек ән айтады. Мереке әнмен аяқталады.

Орындаған:

Камалиева Қ.Қ.

Тексерген:

Кенжебекова Н.М.